



Зандылықтар мен қағидалар және олардың педагогикалық үдерістегі рөлі



Орындаған: Жумабек Акбопе
Шетел тілі: екі шетел тілі
212 топ студенті



Педагогикалық процестің заңдылықтары

- Педагогика ғылымы өзінің пәнін зерттей отырып, оқыту -тәрбиелеу процесінің теориясын жасайды. Теориялық білімге ұғым (категория), заңдар, заңдылықтар жатады, оларды зерттеу теорияны жасауға және оқыту — тәрбиелеу жұмысын, педагогикалық процесті ұйымдастыру әдістеріне бағыт береді.



- Педагогикалық процестің заңдылықтарын білу мұғалімнің іс — әрекетін ұйымдастыруға, жол табуға әсер етеді.
- **Заңдылықтар мен принциптер** педагогикалық процестің қызметін және оны нақтылы жағдайға сәйкес құрауды болжауға мүмкіндік береді.



- Оқыту процесін іске асыру белгілі бір заңдылықтарды меңгеру негізінде жүзеге асады.
- Құбылыстар мен процестер арасындағы объектілі, маңызды, қажетті, жалпы, берік, белгілі жағдайда қайталанатын **өзара байланыс заңдылық** деп аталады.
- Өзара байланысы бар объектілер, байланыстың түрі, сипаты, қызмет аясы анықталған кезде заңдылықты **заң** деп білеміз.



Оқыту заңдылықтарды сыртқы және ішкі, жалпы және жеке деп бөлінеді.

**Сыртқы
заңдылықтар**
оқытудың
қоғамдық
шарттардан,
саяси–әлеуметтік
жағдайлардан
тәуелділігін
сипаттайды.

**Ішкі
заңдылықтар**
оқытудың
мақсаты,
әдістері,
құралдары,
түрлері
арасындағы
байланыстарды
сипаттайды.



**Жалпы
зандылықтар
бүкіл оқыту
жүйесін
қамтыса, жеке
зандылықтар
бүкіл оқыту
жүйесін
қамтиды.**

**Жеке
зандылықтар
оқыту
жүйесінің
нақты, жеке
бөліктерін
қамтиды.**



Оқыту процесінің жалпы заңдылықтары:



- Оқытудың мақсаттары, мазмұны, сапасы мен әдіс–тәсілдері қоғам талабына, мүмкіндіктеріне, педагогика ғылымының даму деңгейіне тәуелді.
- Білім беру, тәрбиелеу және дамыту өзара байланысты.
- Оқушының таным белсенділігі артқан сайын, оқыту сапасы жоғарылайды.
- Оқытудың тиімділігі кері байланысқа, қайталауға, түзету іс–әрекеттеріне тәуелді.
- Әрбір тұлғаның жас және дара ерекшеліктеріне байланысты таным әрекетін ұйымдастыру.
- Оқытудың мақсаттары, мазмұны, сапасы мен әдіс–тәсілдерінің өзгеріп, жаңарып, толықтырылуы.

**Жеке заңдылықтарға
дидактикалық,
психологиялық, ұйымдастыру
заңдылықтары жатады.**



Оқытудың негізгі заңдылықтары:



- Қоғамдық қатынастар, әлеуметтік құрылыс пен әлеуметтік тапсырыс тәрбие мен оқыту жүйесін қалыптастыруға ықпал етуі туралы заң.
- Білім алу, іс–әрекет жолдарын меңгеру және тұлғалық дамудың өзара байланысы туралы заң.
- Педагогикалық процестің бөліктерінің бірлігі және біртұтастығы туралы заң.
- Оқытуда теория мен тәжірибе бірлігі және өзара байланысты туралы заң.
- Оқу іс–әрекетінің жеке және ұжымдық түрлерінің бірлігі және өзара байланысы туралы заң.



Оқыту қағидалары (принциптері)

Оқыту процесінің жалпы мақсаттарына және заңдылықтарына сәйкес мазмұнды, ұйымдастырушылық формалар мен әдістерді анықтайтын базистік жағдайлар - **педагогиканың оқыту принциптері** болып табылады.

Принцип - латын сөзі, қазақша «негіз» деген сөз.

Оқыту принциптері - педагог пен білім алушылардың жұмысын реттеп отыратын принциптер. Ол барлық пәндерді оқытқанда қолданылады. Оқыту принциптеріне сәйкес оқытуға қойылатын талаптар тұжырымдалады. Оларды орындаған педагог өз еңбегінде жақсы табыстарға жетеді.



Я. А. КОМЕНСКИЙ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙДЫҢ ТАРИХЫНДА ЕҢ БІРІНШІ БОЛЫП ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНІҢ ҚҰРЫЛУЫН АНЫҚТАЙТЫН ОҚЫТУ ПРИНЦИПТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІН ЖАСАДЫ. ОНЫҢ ОҚЫТУ ТАБИҒАТТЫҢ ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫНА БАҒЫНАДЫ ДЕГЕН ИДЕЯСЫ «ОҚЫТУДЫҢ ТАБИҒАТҚА СӘЙКЕСТІГІ» ДЕГЕН АТҚА ИЕ БОЛДЫ.

Ж. Ж. РУССО ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНІҢ ПРИНЦИПТІК НЕГІЗІ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ТАБИҒАТПЕН ТІКЕЛЕЙ ЖАНАСУЫ ДЕП ЕСЕПТЕДІ. И. Г. ПЕСТАЛОЦЦИ ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫН КӨРНЕКІЛІК ПРИНЦИПІНЕН ШЫҒАРАДЫ.

А. ДИСТЕРВЕГ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН НАҚТЫ ПРИНЦИПТЕРМЕН ТОЛТЫРАДЫ. ОЛАРДЫ ОҚЫТУ МАЗМҰНЫНА, ОҚЫТУШЫЛАРҒА, БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ТАЛАПТАР ТҮРІНДЕ ҚАРАСТЫРДЫ.

К. Д. УШИНСКИЙ ОҚЫТУ ПРИНЦИПТЕРІН ЖАСАУДА ҮЛКЕН ҮЛЕС ҚОСТЫ. ОЛ: ОҚЫТУДЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ ИДЕЯСЫНДА КӨРІНІС ТАБАТЫН ОҚЫТУДЫҢ ТӘРБИЕЛЕУШІЛІК СИПАТЫ; ОҚЫТУДЫҢ ЖҮЙЕЛІГІ, ШАМАҒА ЛАЙЫҚТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ӘЛІ ЖЕТЕРЛІГІ; БІЛІМНІҢ БЕРІКТІГІ; ОҚЫТУДЫҢ САНАЛЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІЛІГІ; ОҚЫТУДЫҢ КӨРНЕКІЛІГІ СИЯҚТЫ ПРИНЦИПТЕРДІ БӨЛІП ШЫҒАДЫ. СӨЙТІП ОСЫ ПРИНЦИПТЕРГЕ ТЕРЕҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕ БЕРДІ.



А. П. Пинкевич ұсынған принциптер: оқытудың өмірмен және қоғамдық еңбекпен байланысы; жас ерекшелігі принципін сақтау; оқытудың белгілі бір жас кезеңіндегі білім алушылардың даму деңгейіне сәйкес болуы (білім алушылардың күш жігерін дамуға жұмсау, жұмыстың жүйелілігі, шығармашылық - қызығушылықтың басты негізі); пән мазмұнының ерекшеліктерін, әдістерін анықтау. Ол «Оқыту принципін дидактиканың тұғырлы принциптері, оқыту процесіне қойылатын негізгі талаптар», — деп тұжырымдалады.

Н. Медынский ұсынған принциптер: ғылым негіздерін жүйелі меңгеру; білімді саналы меңгеру; теорияның тәжірибемен байланысы; тәрбие беретін оқыту; оқыту әдістерінің алуан түрі; жалпы және политехникалық білім.




В. Е. Гмурман ұсынған принциптер:
оқытудың саналылығы және белсенділігі;
оқытудың көрнекілігі; оқытудың
жүйелілігі; ғылым негіздерін берік
меңгеру.

Талданған оқытудың принциптері білім
алушыларға берік, жүйелі білім беруге
бағытталды. Оқыту принциптерін аталған
педагогтардан басқа М. А. Данилов, М. Н.
Скаткин зерттеді. Зерттеу қорытындылары
бойынша И. П. Подласый, Т. Сабыров, т.б.
оқыту принциптерінің шарттарын
анықтады.

Қазіргі оқытуда мақсаттылық, саналылық, белсенділік, көрнекілік, жүйелілік, бірізділік, беріктік, түсініктілік, ғылымилық, теория мен тәжірибе бірлігі сияқты принциптер кең қолданылады. Принциптердің талаптары педагогтің түрлі принциптерді қолдануы арқылы орындалады.


Принциптерде педагогке нақты нұсқаулар беріледі. Оларды ғылым жетістіктеріне, өмір талабына сай толықтыруға және түзетуге болады. Принциптер педагогикалық процесті реттеп отырады. Олардың талаптары принциптер арқылы жүзеге асады.





✓ **Ғылымилық принципі** білім алушыларға ғылымда ашылған білімдерді меңгертуді талап етеді, сондықтан оқу жоспарлары мен бағдарламаларына ғылыми білімдер енгізіледі. Оларды меңгеру үшін пәнаралық байланыстарды қолдану керек.

✓ **Оқытудың бірізділігі және жүйелілігі принципі.** Бұл принциптің ғылыми ережесі: білім алушының білімі берік болу үшін, оның санасында қоршаған дүние жақсы бейнелену керек. Ол үшін ғылыми білімдер жүйелі және білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне қарай беріледі. Жеке бөліктерден тұратын оқыту процесі білім алушылардың білімді меңгеруіне көмектеседі. Дағдыларды қалыптастыру үшін жаттығулар, ақыл-ой тәрбиесін беру үшін қисынды ойлау тәсілдерін талап ететін жұмыстар жүргізіледі. Әйтпесе, дағды жойылады. білім алушы дұрыс ойлай алмайды, дамуы нашарлайды.





$$a + b$$
$$2 \times 2 = 4$$

□ САНАЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІЛІК ПРИНЦИПІ. ӨЗ БЕТІМЕН МЕНГЕРІЛГЕН БІЛІМ САНАҒА ЖАҚСЫ СІҢЕДІ. БІЛІМДІ САНАЛЫ МЕНГЕРУГЕ ОҚУ ЖЕЛІСІ, ӨЗ БЕТІМЕН ЖҰМЫС, БЕЛСЕНДІЛІК, ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ, БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУ, ПЕДАГОГТИҢ ӘДІС-ҚҰРАЛДАРЫ КӨМЕКТЕСЕДІ. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӨЗІНІҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ ОҚЫТУДА АСА ҚАЖЕТ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ОҚУ МАТЕРИАЛЫН ТЕРЕҢ ЖӘНЕ БЕРІК ТҮСІНУГЕ ОРАСАН ЗОР ЫҚПАЛ ЕТЕДІ.

□ ТҮСІНІКТІЛІК ПРИНЦИПІ ОҚЫТУДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ САЙ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ. СОНЫМЕН БІРГЕ ОҚУШЫЛАРҒА ТАПСЫРМА «ЕҢ ТАЯУ ДАМУ ЗОНАСЫНА» СӘЙКЕС БЕРІЛУІ ТИІС, ЯҒНИ ТАПСЫРМАНЫ МҰҒАЛІМНІҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН ТЕРЕҢ ОЙЛАП ОРЫНДАУДЫ ОҚУШЫЛАРДАН ТАЛАП ЕТУ КЕРЕК.





Көрнекілік принципі . Көрнекілік принципін алғаш зерттеп, оған мәнді үлес қосқан Я.А.Коменский, К.Д. Ушинский т.б.

Осы принцип негізінде алғашқы оқытудың әдістемесін жазды . К.Д. Ушинский көрнекілік жайындағы ілімді дамыта келіп , «**көрнекілік** – балалардың психологиялық ерекшеліктеріне жауап береді , балалар заттардың пішіні , дыбысы , бояуы арқылы ойлайды» деді. Әр түрлі көрнекілікті қолданудың нәтижесінде сабақ әрі түсінікті , әрі қызықты болып өтеді .



**Көруге
негізделген
көрнекіліктер**

- Иллюстрациялар, бейнелеу өнерінің туындылары, мүсін, сәулет өнерінің шығармалары, графикалық материалдар (сызба, кесте-шакал), портрет, фотографиялар, макеттер, альбомдар

**Естуге негізделген
көрнекіліктер**

- Ақын-жазушылар даусы, шығармалары жазылған күйтабақтар, не олар туралы ұнтаспаға жазылған естеліктер, музыка туындылары, ертегі, батырлар жыры, әңгіме, өлеңдер, артистер оқуындағы басқа да шығармалар

**Көру, есту
көрнекіліктерінің
екеуіне де
жататын**

- Кино, телехабарлар оқу фильмдері

Педагогикалық процестің бағыттылық принципі

жеке адамның әр жақты дамуына, оқыту мен тәрбие үйлесімдігіне ықпал жасайды. Кешенді ықпал жасау идеясы қоғамдық құрылыстың өз табиғатынан шығады - оқыту мен тәрбие жұмысы жүйесінің тұтас, мызғымас бірлігі . Ақыл-ой, адамгершілік және еңбек тәрбиесін тығыз бірлікте қамтамасыз ету педагогикалық процестің бағыттылық принципінің негізін құрайды .

Адамның білімге, әр түрлі іс-әрекетіне сенімділігі, сонымен бірге ақыл-ой тәрбиесі қоғамдық пайдалы және өнімді еңбек процесінде дамиды .

Қорытындылай келе педагогикалық процестің басты идеясы - оқыту және тәрбие жұмысында мақсаттың, міндеттердің, принциптердің, заңдылықтардың мазмұнының, әдістер мен формалардың бірлігі, тұтастығы және өзара байланыстылығы. Бұл идеяны іске асыру үшін ең алдымен ғылымның соңғы жетістіктеріне сәйкес әр түрлі жабдықтармен, оқыту машиналарымен, техникалық құралдармен, атап айтқанда, символикалық экранды – динамикалық, дыбысты – техникалық құралдармен жабдықтау, оқыту және тәрбие процесінің сапасын және тиімділігін арттырады .



*Назарларыңызға
рахмет!!!*

